

## ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕСІ РЕТІНДЕ

*Абсатова М.А., Жүсіпбекова Н.,  
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді /1/.

Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын білімді тұлғаны тәрбиелеу мәселесін қойып отыр.

Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын білімалушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Қазіргі болып жатқан саяси – экономикалық, мәдени - әлеуметтік өзгерістер халыққа білім беру жүйесінің барлық буындарында білім беру ісін жаңа сатыға көтеруді талап етіп отыр. Осыған орай жаңа кезеңдегі озық педагогикалық және әдістемелік идеяларды ой елегінен өткізіп, бүгінгі заман талабына сай, біршама өзгерген және жаңа жағдайларды қолдану ерекше маңызға ие болып отыр.

Сол себепті болып жатқан білім беру саласындағы өзгерістерге, қоғам сұранысына байланысты жоғары мәдениетті білімді де білікті жеке тұлға қалыптастыру бүгінгі күнде өзекті мәселе.

Қазіргі таңда білім берудің басты мәселесі білімалушыны айналаны танып білу, одан өзіне қажеттісін таңдай алу, өз бетінше ізденіп білімін, тәжірибесін молайту жағдайына қоя білу болып отыр. Тек осылайша ұйымдастырылған оқу ғана тұлғаның жекелік, ақпараттық, әлеуметтік деңгейін арттырып, дамуына жол ашады.

Әлеуметтендіру – бұл үздіксіз үрдіс, өмір бойы жалғаса беретін. Ол бірнеше кезеңдерден тұрады және әрбір кезеңі белгілі міндеттерді шешуге бағытталған.

Зерттеуіміздің негізгі ұғымы әлеумет, - socialis, латын тілінен аударғанда “ортақ”, “адамдар қауымы” дегенді білдірсе, “социология” - қоғамдық, жалпы деген мәнде. Ол бірге өмір сүрген адамдардың тұрмысын, олардың қарым-қатынас және байланыс формаларын, оның салдарын зерттейтін ғылым. Білгілі бір қоғамдағы адамдар оқу-тәрбие үрдісінде бірге білім алып, жалпы іс-шараларға қатысып, қоғамдық ахуалда, әлеуметтік тәжірибе жинақтап, әлеуметтік үрдіске қатысады, сөйтіп олар өздері де “әлеуметтенеді” – бұны қатарға қосылу дейді. Халқымызда осыған орай «қатарға қосу», «қатардан қалмау», «қатарының алды болуы» – деген ұғымдар жиі қолданылады. Бұл демек өзі секілділер қандай болса сондай болу не болмаса кейбір істерде озық болу, басқалардан қалып қоймау.

Әлеумет-социальное, латын сөзі ортақ, әлде бір мәнді қарым-қатынастағы адамдардың өмір сүру жағдайларының бірлігімен сипатталатын тұрақты да үлкен қауым. Олардың әлеуметтік мәдениеті де ортақ болады. Әлеуметтің ең жоғарғы түрі – тұтас әлеуметтік жүйе ретіндегі қоғам. Қазақ халқының дәстүрлі түсінігінде “жамағат”, “қауым”, “жұртшылық” мағынасында қолданылған ұғым. Ол отбасынан ағайын, туыс, жекжаттан бастап, ел-жұрт мағына-

сына дейін қамтиды. Мәселен, халық ауыз әдебиетінде жиі кездесетін “алқалаған әлеумет”, “сөзіме құлақ салыңыз” дегенде әлеумет ұғымы “ағайын” мәніне жақын болса, “әлеумет, көрдің, міне, жаңа заңды” деген өлең жолында халықтық мәнге ие болып тұр. “Әлеумет” ұғымының қазіргі заманғы мағынасы “қоғам”, “қауым” сөздерінің ғылыми ұғымдарымен мәндес.

Қазақ тілінің сөздігінде “әлеумет-елжұрт, көпшілік” /2/ делінсе, Қазақ ұлттық энциклопедиясында “әлеумет- әлдебір мәнді қарым-қатынастағы адамдардың өмір сүру жағдайларының бірлігімен сипатталатын тұрақты да үлкен қауым” деп белгіленген (1998, 1 т. 660 б.) /3/.

Әлеуметтендіру ұғымы баламен қоғамның біріккен іс-әрекетін білдіреді. Алғаш рет бұл ұғым ХХ-ғасырдың 40-50 жылдарда американдық психологтар мен социологтардың еңбектерінде пайда болды /4/.

Сонымен біз зерттеуімізде білімалушылардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталғын «Тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» атты арнайы курс бағдарламасы ұсынамыз.

Курстың мақсаты: заманның талабына сай құзыретті тұлға дамытуға жағдай жасау.

«Тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» атты арнайы курсына бөлінген жалпы сағат саны –15, 8 сағат дәріске 7 сағат практикалық сабақтарға арналды.

1 кесте.

«Тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» атты арнайы курсының тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Дәріс	Практикалық сабақ
1	Тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың мақсаты мен міндеттері	1	1
2	Тұлғаның құзыреттілігін қалыптастырудың тарихи аспектісі	1	1
3	Әлеуметтік құзыреттіліктің құрылымы мен оны жүзеге асыру жолдары	1	
4	Әлеуметтік құзыреттілік педагогикалық мәселе ретінде	1	
5	Әлеуметтік құзыреттіліктің мәні мен ерекшелігі	1	1
6	Тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың моделі	1	1
7	Тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі	1	2
8	Тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық және психологиялық шарттары	1	1
Барлығы		8	7

«Тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» атты арнайы курстың мазмұны – білімалушылардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың мақсаты мен міндеттерін анықтау, әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың тарихи аспектісі, «құзырет», «құзыреттілік», «әлеуметтік құзыреттілік» ұғымдарының мәнін ашу және осы ұғымдардың бірлігі мен ерекшеліктерін қарастыру, мазмұндық-құрылым моделін жасау, білімалушылардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық және психологиялық ерекшеліктеріне сипаттама беру, білімалушылардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру жолдары, формалары, әдістері, инновациялық әдістерді пайдалана отырып, сабақтарда және сабақтан тыс іс-шараларда әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру әдістемелерін ұсыну.

Сонымен, қазіргі заман әлемі білім беру жүйесінде студенттерге қоғамда көптеген әр түрлі рөлдерді орындайтын және өз мойнына әлеуметтік жауапкершілікті жүктеп ала алатын, келелі мәселелерді шеше алатын, қиын-қыстау ойларға икемі бар, терең ойлы адам және жақсы ақпараттандырылған азаматты тәрбиелеп шығуға лайықты білім беруді талап етеді.

Сондықтан, біз әрқашан интеллектуалдық деңгейі жоғары, инновация мен демократиялық прогреске лайықты қабілетті мамандар даярлауды мақсат етеміз.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Білім туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. – Астана, Ақорда. 2007.
- 2 Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы, 1999.
- 3 Қазақ ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 1998. 1 т. – 660 б.
- 4 Дж. Равен. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализации / Пер.с англ. – М., 2002. – 48 с.
- 5 Абсатова М.А. Поликультурная компетентность старшеклассников: методология, теория, практика формирования. – 2008. – 131 с.

### **ФОРМИРОВАНИЕ ТОЛЕРАНТНОСТИ СПЕЦИАЛИСТОВ КАК ВАЖНЕЙШАЯ СТРАТЕГИЧЕСКАЯ ЗАДАЧА ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ВУЗА**

*Абсатова М.А., Кожсахметова Г.,  
КазНПУ им. Абая, г. Алматы*

Проблема культуры межнационального общения является злободневной не только сегодня, но и в будущем, не только внутри новой полиэтнической страны, но и за ее пределами – так сформулировано одно из направлений об ответственности нашего поколения перед будущими поколениями XXI века в свете стратегического Послания Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Казахстан–2030» /1/.

Острота современных межэтнических конфликтов детерминирована совокупностью факторов: разрушением социально-экономических, политических, идеологических взаимосвязей; преступной активизацией конфликтов; игнорированием конфессиональных и национальных идеалов, ценностных установок; усиленной миграцией; ростом национального самосознания ранее репрессированных народов.

В этих условиях резко повышается актуальность и значимость национальных культурных установок, ценностно-символических аспектов бытия национальных социумов, специфических особенностей конкретных этносов. В этом плане особый интерес представляет наша республика, в которой сосредоточены многочисленные этносы, обладающие древними культурными традициями. Достаточно сказать, что в Республике Казахстан мирно сосуществуют представители 130 народов и 45 различных конфессий, создаются условия для развития культур и национальных языков.

Именно поэтому развитие толерантности является объективной потребностью современного общества. В условиях формирования новых социально-экономических отношений особое значение приобретает проблема научно обоснованной адаптации системы образования к ним. В то же время настоящий период развития казахстанского образования, общества и государства является достаточно сложным и противоречивым. Социальная нестабильность последнего десятилетия XX века привела к развитию негативных явлений практически во всех сферах социальных отношений, в том числе и толерантных.

В данном исследовании мы попытались разработать модель формирования толерантности у будущих специалистов. Такая необходимость построения модели диктуется рядом обстоятельств. Во-первых, данная модель дает представление о целостном содержании формирования толерантности, ее внутренней структуре, взаимосвязи и взаимозависимости ее элементов. Во-вторых, разработка такой модели позволяет объединить информацию об отдельных сторонах толерантной личности, рассредоточенную в разных аспектах деятельности, и уже тем самым создает возможности для систематизации, исключения дублирования, выявления недостающего материала.